

Саудбаев Мадияр Худайбергенович
Әлеуметтік желілер: Қазақстандағы тәжірибесі,
проблемалары мен болашағы
6D050400 – Журналистика мамандығы бойынша философия докторы
(Ph.D.) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АННОТАЦИЯ

Диссертациялық жұмыста бүгінгі күннің негізгі ақпарат көзі болып саналатын әлеуметтік желілер дүниеге келуінің тарихи, әлеуметтік және технологиялық алғышарттары, Қазақстан ақпарат кеңістігіндегі әлеуметтік желілердің азаматтарға ақпараттық ықпалы және сол желілердегі ақпарат мәтіндерінің журналистика жанрларына әсер етуінің жағымды және жағымсыз қырлары қарастырылған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлеуметтік желілердің әлеуеті рухани және экономикалық саладан ғана көрініп қоймай, мемлекет тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін зор күшке айналуы, Қазақстан сияқты жас мемлекетке ұлттық ақпарат саясатын ұтымды жүргізу үшін осы жаңа коммуникация құралдарын жедел игеру, ұтқыр пайдалану аса зәру мәселе екендігін көрсетеді. Олай болса, бұл диссертациялық жұмыс заман талабына сай өзекті тақырыпты қозғап отыр деп айтуға әбден болады.

Зерттеу нысаны – заманауи коммуникация құралы ретінде және ақпараттық қоғамның жүйелі, тұтас құбылысы ретіндегі әлеуметтік желілер (Вконтакте, Facebook, Twitter).

Зерттеу пәні – Қазақстан Интернет кеңістігіндегі әлеуметтік желілердің ақпарат айналымы, журналистика саласындағы шығармашылық және технологиялық жаңалықтар, әлеуметтік желілердің ақпараттық саясат пен азаматтардың әлеуметтенуіне ақпараттық әсері, сонымен қатар, бұқаралық коммуникациядағы ақпарат мәселесі, оның жаңа қырлары мен түрлену жолдары.

Зерттеу жұмысының мақсаты – заманауи бұқаралық коммуникация орбитасындағы әлеуметтік желілердің, журналистика жанрларындағы жаңа пішіндердің жұртшылық пікірінің қалыптасуына, ақпарат тарату тәсіліне алып келген сонылықтарын, қазіргі ақпараттық технологияның индивид санасына ықпал-әсерін журналистика және ақпараттану теориясы тұрғысынан талдау. Зерттеу мақсатына жету үшін төмендегідей **міндеттер** алға қойылды:

- әлеуметтік желілер термині мен оның шығу тарихына үңілу;
- тұлғаның әлеуметтену үдерісін анықтау, коммуникация құралдарының тарихын сатылап пайымдау;
- ақпарат кеңістігіндегі жаңа медианың адамға ықпалын қарастыратын негізгі бағыттарын айқындап, олардың теориялық және әдіснамалық жаңа қырларын анықтау;
- жаһандану кезінде қалыптасқан «желілік қоғам» және «коммуникация және даму» парадигмаларының орнын

ауыстырған медиамәтіннің заманауи парадигмаларының ерекшеліктерін жан-жақты ашу;

- журналист шығармашылық өнімінің өміршеңдігіне, олардың заман талыбына сай трансформациялануына баға беру;
- ақпарат қоғамының құрсауына түскен адамзат пен виртуалды әлемдегі адамның жаңа мүмкіндіктерін анықтау;
- медиамәдениеттің аксиологиялық парадигмасын, адамның құндылық ұстанымындағы өзгерістерді нақтылау;
- Қазақстан медиа кеңістігіндегі әлеуметтік желілерге сипаттама беру, олардың азаматтың әлеуметтенуі мен саяси көзқарасының қалыптасуындағы рөлін айқындау;
- Қазақстанның жаһандық ақпарат кеңістігіне кіру жағдайындағы ақпараттық тәуелділік мәселесін зерделеу, геосаясат сюжетіндегі ақпараттың рөлі мен елдегі тұрақтылықтың қолайлы бағытын анықтау;
- білім, ақпарат және жоғары технология дәуіріндегі адамның мәдениетіне қалыптасу үдерісін, қазақстандық ақпараттық кеңістіктегі медиабілім рөлін саралау,
- әлеуметтік желілердің журналистика саласына алып келген шығармашылық және меркетингтік жаңалықтарын қарастыру.

Зерттеудің методологиялық негізі. Диссертацияны жазу барысында салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы (компаративті) талдау, жүйелеу (типологиялық) мен сандық талдау тәсілдері теориялық-методологиялық негіз етіп алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, әлеуметтік желілердің жаңа ақпарат алмасу құралы ретінде, мемлекеттің ақпараттық саяси ұстанымына жаңа медиа құралдарының ықпалы мен пәрменділігі, тұтынушылардың белсенділігі, қоғам мүшелері мен әлеуметтік желі орталарының арасындағы қарым-қатынас, Интернет журналистикадағы ақпараттық-саяси тәрбиесі, ақпарат алмасу мәдениеті, менеджмент пен маркетинг мәселесіне қатысты әлеуметтік желілердің алатын орны қазақ журналистикасы теориясында бұрын арнайы диссертациялық деңгейде қарастырылмауынан келіп туындайды.

- қазақтың әлеуметтану, саясаттану және журналистика сияқты қоғамдық ғылымдар тарихында әлеуметтік желі ұғымын қазақтың рулық жүйесінің қалыптасуымен, даму жолына байланыстыра пікір айтылды.
- Қазақ журналистика тарихында алғаш рет бұқаралық коммуникация құралдарының даму генезисі, олардың түрлері мен функциялары, олардың әртүрлі қоғамдық формация жағдайындағы ақпараттық қызметі алғаш рет жинақтала тұжырымдалды.
- қазақ ақпараттық кеңістігіндегі әлемдік әлеуметтік желілерге алғаш рет салыстырылмалы ғылыми сараптама жасалды, олардың ел қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылықта алар орны зерделенді, ондағы жарияланымдарда көтерілген мәселелерге алғаш рет талдау жасалды, олардың пәрменділігі ашып көрсетілді.

- әлеуметтік желілердегі мәтіндер алғаш рет тақырыптық, жанрлық тұрғыдан жүйелене жинақталды, журналистік шеберлік ізденістері қарастырылды, контентті талдау жасалды, жарияланымдарға журналистік жанрлар тұрғысынан баға берілді, оның практикалық журналистикада қолдану жолдары ұсынылады.
- қазақ интернет журналистикасында алғаш рет ақпаратты жекелеген тұтынушыға бағыттау жолдары, ақпаратты дербестендіру жолдары сараланады.
- Теледидар мен Интернетке тәуелді индивидтің әлеуметтенуіне ықпалы мықты қазақстандық және жаһандық медиа кеңістіктің анализі жасалынды.
- қазақстандық медиамәдениет стратегиясындағы халықтардың мәдени тәжірибесі, өткені мен болашағын саналы тұлға бірегейлігін дамыту және жетілдіру мәселесіндегі зәрулік кеңмәтін контекстінде тиянақталды.
- медиалық білім берудің мақсаты мен мәннің айқындауда қазақстандық медиа іс-әрекеті тұңғыш рет жан-жақты қарастырылды, медиамәдениет жетістігінің көрінісіне онтологиялық тұрғыда зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік маңызы.

- Әлеуметтік желілерді журналистік өнім ретінде қарастыру, тележурналистика саласындағы түрлі бағдарламаларда тақырыпты тереңірек ашу мақсатында виртуалды көрермендер назарын үнемі өзіңе қаратып отыру, екінші экран технологиясын енгізу сияқты тұжырымдар қазақ журналистикасының өрісін кеңейте түседі.

- Онлайн журналистика өкілдерінің оқиға орнынан өз фоллуерлеріне оқиға орнынан репортаж – Twitter-репортаж жасауы туралы пікірлер журналистика жанрлары палитрасын байыта түседі.

- Индивидтердің қасиеттеріне қарай бағыттамамы ақпарат жолдау технологиясын енгізуге осы еңбек белгілі бір дәрежеде септігін тигізеді. Еліміздің ақпарат саясаты мен қауіпсіздігі шаралары және түрлі сайлау кампанияларына қажетті микротаргетинг технологиясын енгізуге де мұрындық бола алады.

- Google, Yandex порталдары сияқты отандық іздеу мегажүйесін (Big data) жасауға біздің зерттеуіміз әрі теориялық, әрі практикалық таяныш бола алады.

- Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері әлеуметтік желілерді кеңінен қолдануды реттейтін заңнамалық актілерді жетілдіріе түсуге түрткі болмақ.

- Әлеуметтік желілерде отандық, патриоттық сезімдерді оятатын қоғамдастықтар орнату қағидасы танымдық-практикалық өрісті кеңейтеді.

- Еліміздің шекаралас аймақтарындағы, шетелдегі қандастарымыздың ұлттық, елдік сезімдерін ояту арқылы оларды үнемі саяси белсенділікте ұстап отыру үшін әлеуметтік желілерде соларға бағыттамамы форумдар, топтар, қоғамдастықтар ашу және сол арқылы еліміздің геосаяси жағдайындағы балансты ұстау туралы ұсыныстың теориялық та, практикалық та маңызы бар.

- Қазақстандық және алыс-жақын туыстас елдерге қызмет ететін үлкен платформалы отандық әлеуметтік желі жасалуы – заман талабы деген тұжырымның да саяси-әлеуметтік мәні бар.

- Мемлекет тарапынан қазақстандық медиамәдениеттің барлық аудиовизуалды жүйесінің бөліктерін дамыту, техникалық, коммуникативті, әлеуметтік, өзіндік медиа шығармашылығын арттыратын тренингтер, сондай-ақ, мәдени-әлеуметтік түрлі топтарға, әсіресе бүлдіршіндер мен жасөспірімдерге замана талабына сай қолдау көрсету қажеттілігі жайында айтылған ойлар оперативті коммуникацияны одан әрі жеделдете түсуге ықпал жасайды.

- Мемлекеттің мәдениет саясатында журналистерді, жазушылар, режиссер мен сценаристерді шетелдік классикалық әдебиеттер сюжетінің көшірмесіне емес, Қазақ халқының мұрасындағы бай әдебиетінің сюжетіне негізделген және тұлғаның рухани дамуына септігін тигізетін, кино мен теледидарға арналған жоғарғы көркем өнерлік медиамәтіндерді жасауға бағдарлау және оларды әлеуметтік желілер арқылы насихаттау туралы ұсыныстың да қолданбалық мәні бар.

- Мемлекеттің медиалық білім беру саясаты, жас ұрпақты ақпараттық экспансиядан қорғайтын, оны жаһандану үдерісіндегі ақпараттық қоғам өміріне дайындау қажеттілігі хақындағы пікірлер ақпараттық қауіпсіздік саласына қосылған ғылыми-практикалық үлес болып табылады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Шетелдік ғылыми басылымдарда 2, халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында 6, ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған журналдарда 3, барлығы 11 мақала жарық көрді.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу еңбегі – кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

АННОТАЦИЯ

диссертации на соискание ученой степени «доктор философии» (Ph.D) по специальности 6D050400 – Журналистика

Социальные сети: опыт в Казахстане, проблемы и перспективы

Саудбаев Мадияр Худайбергенович

В диссертационной работе рассматриваются исторические, социальные и технологические предпосылки появления социальных сетей, считающихся основным источником информации современности, а также информационное влияние социальных сетей, существующих в Казахстане на граждан, позитивные и негативные стороны их влияния на жанры журналистики.

Актуальность исследования. Не только проявление потенциала социальных сетей в духовной и экономической сферах, но и превращение их в мощную силу напрямую влияющую на государственную стабильность и безопасность выявило необходимость срочного освоения этого нового вида коммуникации для проведения эффективной национальной информационной политики. Поэтому эта диссертационная работа затрагивает очень актуальную для современности тему.

Объект исследования. Объектом исследования являются социальные сети (Вконтакте, Facebook, Twitter) как современное средство коммуникации и системное целое явление информационного общества, а также информационный оборот в социальных сетях, творческие и технологические новости в сфере журналистики, влияние социальных сетей на информационную политику и социализацию человека.

Предметом исследования является проблема информации в массовой коммуникации, её новые стороны и типы.

Целью исследования является анализ влияния социальных сетей на формирование новых форм журналистских жанров, формирование общественного мнения с точки зрения журналистики и теории информирования. Для достижения данной цели были выдвинуты следующие задачи:

- Изучить термин «социальные сети» и историю его появления;
- Определить процесс социализации личности, рассмотреть историю средств коммуникаций;
- Определить основные направления, рассматривающие влияние новой медики на человека, показать их теоретические и методологические стороны;
- Всесторонне раскрыть особенности современных парадигм медиатекста, заменивших такие парадигмы как «сетевое общество» и «коммуникация и развитие»;
- Оценить актуальность творческого журналистского продукта и его трансформацию согласно требованиям времени;
- Определить новые возможности человека в виртуальном мире;

- Уточнить аксиологическую парадигму медиакультуры, изменения в человеческих ценностях;
- Дать характеристику социальных сетей, существующих в казахстанском медиа пространстве, выяснить их роль в социализации гражданина и формировании его политического взгляда;
- Изучить проблему информационной зависимости в процессе входа Казахстана в глобальное информационное пространство, определить роль информации в геополитическом сюжете и эффективное направление стабильности в стране;
- Анализировать процесс формирования культурного сознания человека в эпоху знаний, информации и высокой технологии, роль медиаобразования в казахстанском информационном пространстве;
- Рассмотреть творческую и маркетинговую новизну, которую внесли социальные сети в сферу журналистики.

Методологические основы исследования. В процессе исследовательской работы были использованы такие методы как сравнительный, историко-сравнительный анализ, типологический и цифровой анализ.

Научная новизна исследования. Новизна работы состоит в том, что влияние социальных сетей на информационную политику государства, активность пользователей, отношения между членами общества и среды социальных сетей, информационно-политическое воспитание, культура обмена информацией, место социальных сетей в решении проблем менеджмента и маркетинга ранее не рассматривались в теории казахской журналистики.

- Впервые проведено сравнение понятия социальных сетей в контексте казахских родовых отношений и современных условий.
- Впервые в истории казахской журналистики изучены генезис средств массовой коммуникации, их типы и функции, их информационная функция в разных общественных формационных состояниях.
- Впервые систематизированы тексты в социальных сетях на тематические, жанровые виды, рассмотрено журналистское мастерство, проведен контент-анализ, оценены посты с точки зрения журналистских жанров, предложены пути их использования в практической журналистике.
- Проанализированы пути направления информации на индивидуального пользователя, пути персонализации информации.
- Проанализировано влияние взаимосвязи казахстанского и глобального пространств на социализацию участника социальных сетей, который является зависимым от телевизора и Интернета.
- Выявлена необходимость казахстанской медиакультурной стратегии, в рамках которой культурный опыт народа, прошлое и будущее будут рассматриваться в контексте гипертекста для развития и совершенствования уникальности сознательной личности.

- Рассмотрена роль деятельности казахстанской медики в определении целей и значений медиаобразования, исследованы достижения медиакультуры с онтологической точки зрения.

Теоретико-практическое значение исследовательской работы.

- Рассмотрение социальных сетей в качестве журналистского продукта, постоянное привлечение внимания виртуальных зрителей для более детального раскрытия тем телевизионных программ, внедрение технологии «второго экрана» расширят поле деятельности казахской журналистики.

- Идеи о репортаже – Twitter-репортаже, сделанном с места происшествия журналистами для своих фоллоуеров добавляют краски в палитру журналистских жанров.

- Эта работа вносит значительный вклад во внедрение технологии послания информации в целевую аудиторию согласно индивидуальным особенностям. А также может сыграть важную роль во внедрении технологии микротаргетинг, необходимой в разных избирательных кампаниях, в информационной политике и мерах безопасности в стране.

- Данное исследование может служить теоретико-практической основой для создания отечественной поисковой мегасистемы (Big data) как порталы Google, Yandex.

- Основные результаты исследования могут стать толчком для совершенствования законодательных актов, регулирующих использование социальных сетей.

- Идея открытия отечественных сообществ, пробуждающих патриотические чувства в социальных сетях расширит познавательно-практическую сферу.

- Мысль о создании отечественной социальной сети с большой платформой, которая будет обслуживать население Казахстана и близких соседей имеет общественно-политическое значение.

- Идеи высказанные о необходимости развития всех частей аудиовизуальной системы казахстанской медиакультуры со стороны государства, тренингов повышающие технический, коммуникативный, социальный потенциал, а также поддержки разных групп населения, в особенности детей и подростков повлияют на ускорение темпов оперативной коммуникации.

- Также имеет прикладное значение пропаганда и направление журналистов, писателей, режиссеров и сценаристов на создание художественного медиатекста для кино и телевидения, основанных на богатой казахской народной литературе и важных для духовного развития личности.

- Идеи о необходимости государственной политики о медиаобразовании, защиты молодого поколения от информационной экспансии, и их подготовки к информационной общественной жизни в процессе глобализации.

Апробация исследования. Опубликовано 2 статьи в иностранных научных изданиях, 6 статей в сборниках международных конференций, 3 статьи в журналах, рекомендованных комитетом по контролю сферы науки. Всего 11 статей.

Структура работы. Исследовательская работа состоит из введения, трех разделов, из списка использованной литературы, приложения.

ABSTRACT

to dissertation for “Doctor of Philosophy” (Ph.D) degree on the specialty of
6D050400 - Journalism

Social Networks: Experiences in Kazakhstan, problems and prospects
Saubayev Madiyar Hudaibergenovich

This dissertation discusses the historical, social and technological prerequisites for social networks, which are considered the primary source of modern information, as well as informational influence of social networks existing in Kazakhstan on citizens, positive and negative aspects of their influence on journalistic genres.

The relevance of study. Not only a manifestation of the potential of social networks in the spiritual and economic spheres, but also turning them into a powerful force directly affecting the stability and security of the state revealed the urgent need to develop this new form of communication for effective national information policy. Therefore, this dissertation involves a very relevant theme for modernity.

The object of study. The object of study is social networks (VKontakte, Facebook, Twitter) as the modern means of communication and systemic whole phenomenon of the information society, as well as information turnover in social networks, creative and technology news in the field of journalism, the impact of social networks on information policy and human socialization.

The subject of study is the problem of information in the mass media, its new aspects and types.

The purpose of this study is to analyze the impact of social networks on the formation of new forms of journalistic genres, the formation of public opinion in terms of journalism and information theory. To achieve this purpose the following **tasks** have been put forward:

- Study the term “social networks” and its history;
- Identify the process of personality socialization, consider the history of means of communication;
- Identify key directions, considering the impact of new media on human, show their theoretical and methodological sides;
- Comprehensively reveal features of modern paradigms of media texts replaced such paradigms as “network society” and “communication and development”;
- Assess the relevance of creative journalistic product and its transformation according to the requirements of time;
- Identify new opportunities of human in a virtual world;
- Clarify axiological paradigm of media culture, changes in human values;
- Characterize the social networks existing in Kazakhstan media space, clarify their role in socialization of the citizen and the formation of his political views;

- Study the problem of information dependence in the course of Kazakhstan entry into the global information space, determine the role of information in the geopolitical scene and effective direction of stability in the country;
- Analyze the human cultural consciousness formation process in the era of knowledge, information and high technology, the role of media in the information space of Kazakhstan;
- Consider the creative and marketing innovations that have been brought by the social networks to journalism.

Methodological bases of study. In the course of research the following methods such as comparative, historical and comparative analysis, typological and digital analysis were used.

Scientific novelty of the study. The novelty of this dissertation lies in the fact that the impact of social networks on the information policy of the state, user activity, relations between members of society and the environment of social networks, information and political education, culture of information sharing, social networking site in the solution of management and marketing problems were not previously considered in the Kazakh journalism theory.

- The social networks concept in the context of Kazakh tribal relations and modern conditions has been compared for the first time.
- The genesis of the mass media, their types and functions, their information function in different conformational states of the public have been studied in the history of Kazakh journalism for the first time.
- The texts in social networks on thematic, genre types have been systemized; journalistic skills have been considered; a content analysis has been made; the posts have been estimated in terms of journalistic genres; the ways of their use in practical journalism have been proposed for the first time.
- The ways of sending information to the individual user, the way of information personalization have been analyzed.
- The effect of relationships between the Kazakhstan and global spaces on social networking member socialization, who depends on the TV and the Internet, has been analyzed.
- The necessity of Kazakh mediacultural strategy, under which the cultural experience of the nation, past and future will be considered in the context of hypertext for the development and improvement of the uniqueness of the conscious personality, has been found out.
- The role of the Kazakhstan media activity has been considered in defining the goals and values of media education; achievements of media culture are studied from the ontological point of view.

Theoretical and practical importance of research.

- Considering the social networks as a journalistic product, attracting the permanent attention of virtual viewers for a more detailed disclosure of topics in TV programs, introducing the “second screen” technology that expands the field of Kazakh journalism activity.
- Ideas of reportage - Twitter-reportage made in the scene by the reporters for their followers will add colors to the journalistic genres palette.

– This dissertation makes a significant contribution to the implementation of information message technology for the target audience according to individual characteristics. And also can play an important role in implementing the microtargeting technology required for various election campaigns, information policies and security measures in the country.

– This study can serve as a theoretical and practical basis for creating the domestic search megasystem (Big data) like Google, Yandex portals.

– Main results of the study may provide an impetus for improvement of legislation governing the use of social networks.

– The idea of opening local communities awaken patriotic feelings in social networks will expand cognitive-practical sphere.

– The idea of creating a national social network with a large platform that will serve the population of Kazakhstan and close neighbors has socio-political significance.

– The ideas expressed on the need to develop all parts of the audiovisual system of Kazakhstan media culture on the part of the state, trainings raising technical, communicative, social potential, as well as support for different groups of the population, especially children and adolescents, will affect the acceleration of rapid communication.

– The propagation and focusing the journalists, writers, directors and writers' attention to creating the artistic media text for film and television based on a rich Kazakh folk literature and important for the spiritual development of the individual has applied relevance as well.

– Ideas of the need in public policies on media education, protection of the young generation against the information expansion, and preparing them for the informative social life in the process of globalization.

Approval of the study. Published 2 articles in foreign scientific journals, 6 articles in the collections of international conferences, 3 articles in journals recommended by the Committee on Science. Total 11 articles.

Structure of dissertation. The research work consists of an introduction, three chapters, list of references, appendixes.